Білім беру жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету қала мен ауыл жастары арасындағы білім сапасындағы қалыптасқан алшақтықты азайтуда маңызды рөл атқарады. Ал, бұл бағытта шешімін таппаған мәселелер де аз емес.

Орта білім беру жүйесінде кадр мәселесі пән мұғалімдерінің, сондай-ақ ауылдық жерлердегі бастауыш сынып мұғалімдерінің үздіксіз жетіспеушілігімен байланысты. ҰБДБ ақпаратына сәйкес, 2020 жылы педагогикалық кадрларға деген ең жоғары сұраныс Атырау облысында (818 бірлік) байқалған. 2018 жылы бұл аймақтағы кадрлық қажеттілік 2 есе аз (404 бірлік) болған. Сондай-ақ, педагогикалық кадрларға деген жоғары қажеттілік халқы тығыз орналасқан аймақтарға тән: Алматы (706 бірлік), Түркістан (599 бірлік) және Қарағанды (508 бірлік) облыстары. Педагогикалық кадрларға ең аз қажеттілік Ақмола (19 бірлік), Павлодар (29 бірлік) және Қостанай (44 бірлік) облыстарында байқалады. Жалпы, 2020 жылдың қорытындысы бойынша күндізгі жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне деген тапшылық 4 606 адамды құраған [15, 130].

ШКМ жағдайында, педагогикалық кадрлардың жалпы тапшылығымен қатар, біліктілігінің айтарлықтай төмендігі тән. ҰБДБ мәліметтері бойынша, 2021 жылы ШКМ-дегі 50 568 мұғалімдердің 27,3%-ында біліктілік санаты болмаған. Олардың 98,9%-ы ауылдық жерлердегі ШКМ-де жұмыс істеген [15, 103].

Тарихи қалыптасқан факторлармен қатар сапа алшақтығын азайту үрдісін ұлттық білім беру жүйесінің алдында тұрған жаңа міндеттер айтарлықтай тежеуде. Мәселе ең алдымен білім беру жүйесінің пандемияның орта және ұзақ мерзімді салдарына бейімделу қабілетіне байланысты болып отыр.

Пандемия және оның нәтижесінде қашықтан оқытуға көшу білім берудегі елеулі цифрлық алшақтықты қалыптастыруға ықпал етті. Интернеттің кең таралмауы және жылдамдығының төмендігі, оқушылардың компьютерлік технологияларға әркімкі қолжетімдігі мен мұғалімдердің қашықтан оқытуға көшуге дайын еместігі білім берудің барлық деңгейінде, ең алдымен, мектептерде кездесетін негізгі мәселелерге айналды. Ең қолайсыз жағдай ауылдық жерлерде тұратын жастар мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақсыз отбасынан шыққан балаларға тән болды. Елдегі эпидемиологиялық жағдайдың салыстырмалы түрде тұрақтануына және мемлекет тарапынан 2021 жылы жасалып жатқан іс-шараларға қарамастан, мектептерді одан әрі ақпараттандыру міндеті өзекті болып қалуда. Атап айтқанда, 2021 жылы мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде «оқушы-компьютер» қатынасы 4:1 (Түркістан облысы мен Нұр-Сұлтан қаласында – 7:1) құраған, ШКМ – 2,1:1 (мәселен НЗМ-де бұл қатынас – 1:1) жеткен. Мектептердегі интернет жылдамдығы да біркелкі емес: 11 мектепте, оның ішінде Түркістан облысында орналасқан 9 мекемеде, интернет жылдамдығы 512 кбит/с төмен болды. Ал, індеттің орта білім сапасына кері әсері қазірдің өзінде байқалуда, мұны динамикадағы ҰБТ нәтижелерінен байқауға болады. Мысалы, 2019 және 2020 ҰБТ нәтижелері қала мен ауыл оқушыларының арасындағы алшақтықтың

артқанын көрсетеді. Егер 2019 жылғы тестілеу нәтижесі бойынша алшақтық 1,43 балл болса, 2020 жылы 4,47 балл құраған [15, 100].

Жастардың құндылықтар жүйесіне білім беру құндылықтарының әлсіз интеграциясы жастардың білім сапасының алшақтығын арттыруға ықпал ететін тағы бір маңызды фактор болып табылады. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының 2022 жылғы мониторингілік әлеуметтанулық зерттеуінің нәтижелеріне сәйкес, жастардың қаржылық жағынан қауіпсіз өмірге деген ұмтылысы (39,3%) жоғары. Білім мен ғылым жастардың құндылықтар жүйесінде тек бесінші орынға ие (19,5%). Респонденттердің «**Сіз үшін өмірде ең қымбат не?**» деген бірнеше таңдаулы сұраққа жауаптары жастардың санасында білім алу болашақта қамсыз өмір сүру мүмкіндігімен байланысты емес екендігінен хабар береді. Басқаша айтқанда, қазақстандық жастардың көзқарасында білім әлеуметтік жағдайды жақсартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік лифт ретінде өз функциясын атқара бермейді. Сонымен қатар, отбасылық және денсаулық құндылықтарының білімнен басым болуы негізгі қоғамдық институттардың өз функцияларын атқаруда қауқарсыз екенін байқатады.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, студенттердің оқу жетістіктеріндегі алшақтықты қалыптастыруға көп ықпал ететін негізгі факторлардың бірі **контекстілік әлеуметтік-экономикалық жағдайлар**. Мәселе ең алдымен мектеп оқушыларының ата-анасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы болып отыр. Отбасының әлеуметтік жағдайы мен жалпы мәдениетінің баланың білім берудегі жетістеріне куммулятивті әсері жөніде француз мектептерінің мысалында Мари Дюрю-Белланың еңбектерінде кездестіруге болады [17].

PISA әдіскерлерінің мәліметі бойынша, қазақстандық оқушылардың 30%-дан астамының білім нәтижелеріне олардың ата-аналарының жұмысбастылық индексі айтарлықтай әсер етеді [18]. Ата-анасы жұмыссыз немесе табысы төмен отбасынан шыққан студенттердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы жоғары ата-аналардың балаларына қарағанда жоғары оқу үлгеріміне қол жеткізу ықтималдығы төмен. Сонымен қатар, ҚР ҰЭМ ҒК ашық деректеріне сәйкес, 2020 жылы ауылдағы кедейлердің үлесі табысы төмен халықтың жалпы санындағы 56,4%-ды құрады. Сонымен қатар, ауылдағы барлық кедейлердің 34 пайызы жастар үлесі басым Түркістан облысында шоғырланған. Пандемия дағдарысы жағдайында әлеуметтік-экономикалық факторлар білім берудегі теңсіздіктерді, соның ішінде қала мен ауыл жастары арасындағы білім сапасының алшақтығын жоққа шығаруға бағытталған басқару процестеріне кері әсерін тигізеді деуге толық негіз бар.

Контекстілік әлеуметтік-экономикалық факторлардың әсерін қазіргі білім беруді қаржыландыру жүйесінен де байқауға болады. Елімізде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру енгізілгенге дейінгі жағдайда кейбір мектептер сапалы білім беру үдерісін қамтамасыз етуге қажетті толық қаржы ресурстарымен қамдалса, басқалары қаржы жетіспеушілігінен білім берудің

жоғары сапасын қамтамасыз етуде қауқарсыз болды. 2021 жылдан бастап орта білім беру жүйесінде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру толықтай енгізіліп, оны ТЖКБ, сондай-ақ кейінгі жылдарда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне дейін кеңейту жағдайында қаржыландырудағы теңгерімсіздік мәселесі толығымен шешілуі тиіс. Дегенмен, қазіргі уақытта қала және ауыл жастарының оқу жетістіктеріндегі алшақтықты қысқартуға жол ашатын жағдайларды (қаржылық-экономикалық тәуелсіздікті арттыру және ресурстарды тиімдірек басқару, материалдық-техникалық жарактандырудағы диспропорцияларды теңестіру және т.б.) кеңейтудегі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың оң әсері туралы айту әлі де болса ерте.

Қорытынды

Білім беру баласындағы статистикалық және социологиялық мәліметтер мен салыстырмалы зерттеу нәтижелерін талдау негізінде Қазақстандағы қала мен ауыл жастарының білім жетістіктеріндегі алшақтықтың қалыптасуындағы құрылымдық факторлар анықталған. Олардың қатарында: (1) білім беру ұйымдарының инфрақұрылымы мен оларды материалдық-техникалық қамсыздандырудағы дисбаланс, (2) білім беру жүйесін кадрлармен қамтамасыз ету проблемалары, (3) білім мен еңбек құндылықтарының трансформациясы мен (4) құрылымдық экономикалық факторлар.

Тиісті факторлар білім беру саласында орталық және жергілікті деңгейдегі саяси шешім қабылдауда әлі де болса жеткіліксіз дәрежеде ескеріліп келеді. Оған соңғы онжылдықтар ауқымында байқалып келген жастардың білім жетістіктеріндегі алшақтық дәлел. Аталмыш және қосымша факторлар ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан егжей-тегжейлі зерттеуді және тиісті шешім қабылдауды талап етеді.

ҚЫСҚАРТУЛАР:

ҚР СЖРА ҰСБ – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ОЖСБ – Оқу жетістіктерін сырттай бағалау
ҰБТ – Ұлттық біліктілік тестілеу
ҰБДБ – Ұлттық білім беру деректер базасы
ШКМ – Шағын кешенді мектептер
НЗМ – Назарбаев зияткерлік мектептері
ПНФ – Жанбасынашаққандағы нормативтік қаржыландыру
ТЖКБ – Техникалық және кәсіби білім беру
ICILS – International Computer and Information Literacy Study
PISA – Programme for International Student Assessment
TIMSS – Trends in International Mathematics and Science Study

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Bourdieu P., Passeron J.-C. Les hérities: les étudiants et la culture, Paris, Les Éditions de Minuit, 1964.
2. Boudon, R. Education, opportunity, and social inequality: Changing prospects in western society. New York: Wiley, 1974
3. Coleman J.S. Equality of educational opportunity. Washington: National Center for Educational Statistics (DHEW/OE), 1966.
4. Константиновский Д.Л. Неравенство в сфере образования: Российская ситуация // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены, 2010, №5 (19), С. 76-97
5. Dechaux Jean-Hugues, 2010, «Agir en situation: effets de disposition et effets de cadrage», *Revue française de sociologie*, 2010/4 (Vol. 51), p. 720-746.
6. Dubet François, 1995, *Sociologie de l'expérience*, Paris, Seuil, p. 271
7. Le Feuvre Nicky, 2013, «Femmes, genre et sciences : un sexisme moderne ?» in Margaret MARUANI (dir.), *Travail et genre dans le monde, La Découverte «Hors collection Sciences Humaines»*, pp. 419-427.
8. Tain Laurence, 2013, *Le corps reproducteur*, Rennes, Presses de l'EHESP.
9. Emmanuelle Santelli, 2019, «L'analyse des parcours. Saisir la multidimensionnalité du social pour penser l'action sociale», *Sociologie*, 2(2), pp. 153-171.
10. Karimova, Zh. Carrières des femmes et des hommes en mathématiques: une analyse comparative des dynamiques sociales et de genre en France et au Kazakhstan. Monographie. – Nour-Soultan: Institut kazakhstanais des études stratégiques auprès du Président de la République du Kazakhstan, 2022. – 524 p.
11. Ұлттық тестілеу орталығының ОЖСБ бойынша статистикалық мәлеметтері: URL:<http://www.testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-voudso/index.php> (қаралған күні: 13.08.2022.)
12. Куттыбаев Д. 420 медалей в самых престижных предметных олимпиадах удалось выиграть школьникам Казахстана. URL:<https://kazpravda.kz/n/420-medaley-v-samyh-prestizhnyh-predmetnyh-olimpiadah-udalos-vyigrat-shkolnikam-kazakhstana/> (қараған күні: 13.08.2022).
13. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года) / М. Атанаева, М. Аманғазы, Г. Ногайбаева, А. Ахметжанова, М. Шакинова, Г. Карбаева, Ж. Джумабаева, Н. Касымбекова, М. Даулиев, Д. Абдрашева, А. Кусиденова. – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2019. – 364 стр.
14. Coleman J.S. Families and Schools // *Educational Researcher*, 1987, vol. 16, n 6, p. 32-68
15. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2020 года). – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2021. – 310 стр.
16. «Статистика системы образования Республики Казахстан». Национальный сборник. – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2022. – 308 стр.
17. Duru-Bellat M. L'école des filles : quelle formation pour quels rôles sociaux ? [School for girls: what training for what social roles?] Paris: The Harmattan, 2004
18. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012. А. Култуманова, Г. Бердибаева, Б. Картпаев, И. Иманбек, К. Шарбанова, М. Рахимова, Ж. Жумабаева, З. Пирнепесова, Б. Оkenова, А. Увалиева. Астана: НЦОСО, 2013 - 283 стр. – с.202

REFERENCES:

1. Bourdieu P., Passeron J.-C. Les hérities: les étudiants et la culture [The heirs: students and culture], Paris, Les Éditions de Minuit, 1964.
2. Boudon, R. Education, opportunity, and social inequality: Changing prospects in western society. New York: Wiley, 1974
3. Coleman J.S. Equality of educational opportunity. Washington: National Center for Educational Statistics (DHEW/OE), 1966.
4. Konstantinovskij D.L. Neravenstvo v sfere obrazovaniya: Rossijskaya situatsiya [Inequality in Education: The Russian Situation] // Monitoring obshhestvennogo mneniya: ehkonomicheskie i sotsial'nye peremeny [Public Opinion Monitoring: Economic and Social Changes]. 2010, №5 (19), P. 76-97

-
5. Dechaux Jean-Hugues, 2010, « Agir en situation: effets de disposition et effets de cadrage » [Acting in situation: effects of disposition and effects of framing], *Revue française de sociologie* [French journal of sociology] 2010/4 (Vol. 51), p. 720-746.
 6. Dubet François, 1995, *Sociologie de l'expérience* [Sociology of experience], Paris, Seuil, p. 271
 7. Le Feuvre Nicky, 2013, « Femmes, genre et sciences : un sexisme moderne ? » [Women, gender and science: modern sexism], in Margaret MARUANI (dir.), *Travail et genre dans le monde* [Work and gender in the world], La Découverte « Hors collection Sciences Humaines », pp. 419-427.
 8. Tain Laurence, 2013, *Le corps reproducteur* [The reproductive body], Rennes, Presses de l'EHESP.
 9. Emmanuelle Santelli, 2019, « L'analyse des parcours. Saisir la multidimensionnalité du social pour penser l'action sociale » [Life course analysis. Grasp the multidimensionality of the social to think about social action], *Sociologie*, 2(2), pp. 153-171.
 10. Karimova, Zh. *Carrières des femmes et des hommes en mathématiques: une analyse comparative des dynamiques sociales et de genre en France et au Kazakhstan*. Monographie. [Careers of women and men in mathematics: a comparative analysis of social and gender dynamics in France and Kazakhstan] – Nour-Soultan: Institut kazakhstanais des études stratégiques auprès du Président de la République du Kazakhstan, 2022. – 524 p.
 11. Ul'tyq testileu ortalyǵynyń OJSB boıynsha statistikalyq maletterı [Statistical data of the National Testing Center for OJSC]. URL: <http://www.testcenter.kz/ru/stats/statisticheskie-dannye-voudso/index.php> (Accessed: 13.08.2022.)
 12. Kuttybaev D. 420 medalej v samykh prestizhnykh predmetnykh olimpiadakh udalos' vyigrat' shkol'nikam Kazakhstana [420 medals in the most prestigious subject Olympiads were won by schoolchildren of Kazakhstan]. URL: <https://kazpravda.kz/n/420-medaley-v-samykh-prestizhnyh-predmetnyh-olimpiadah-udalos-vyigrat-shkolnikam-kazahstana/> (Accessed: 13.08.2022).
 13. Natsional'nyj doklad o sostoyanii i razvitii sistemy obrazovaniya Respubliki Kazakhstan (po itogam 2018 goda) [National report on the state and development of the education system of the Republic of Kazakhstan (based on the results of 2018)] / M. Atanaeva, M. Amangazy, G. Nogaibaeva, A. Akhmetzhanova, M. Shakenova, G. Karbaeva, J. Jumabaeva, N. Kasymbekova, M. Dauliev, D. Abdrasheva, A. Kusidenova. – Nur-Sultan: Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, JSC "Information and Analytical Center", 2019. – 364 pages. –
 14. Coleman J.S. Families and Schools // *Educational Researcher*, 1987, vol. 16, n 6, p. 32-68
 15. Natsional'nyj doklad o sostoyanii i razvitii sistemy obrazovaniya Respubliki Kazakhstan (po itogam 2020 goda) [National report on the state and development of the education system of the Republic of Kazakhstan (based on the results of 2020)]. – Nur-Sultan: Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, JSC "Information and Analytical Center", 2021. – 310 pages.
 16. «Statistika sistemy obrazovaniya Respubliki Kazakhstan». Natsional'nyj sbornik [Statistics of the education system of the Republic of Kazakhstan". National collection]. – Nur-Sultan: Ministerstvo obrazovaniya i nauki Respubliki Kazakhstan, AO «Informatsionno-analiticheskij tsentr», 2022. – 308 str.
 17. Duru-Bellat M. L'école des filles : quelle formation pour quels rôles sociaux ? [School for girls: what training for what social roles?] Paris: The Harmattan, 2004
 18. Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012. А. Култуманова, Г. Бердибаева, Б. Картаев, И. Иманбек, К. Шарбанова, М. Рахимова, Ж. Жумабаева, З. Пирнепесова, Б. Окенова, А. Увалиева. Астана: НЦОСО, 2013 – 283 стр. – С.202

Maiya Uruzgaliyeva¹, Yerbolat Sergazin², Gaukhar Abdrakhmanova³

¹PhD student Political Science Department
of L.N. Gumilyov Eurasian National University,
e-mail: maikun_93@mail.ru

² Acting Associate Professor of the Department of Political Science of the
L.N. Gumilyov Eurasian National University, PhD in Political Science,
e-mail: sergazin1958@mail.ru

³, Associate Professor of the Department of Political Science of the L.N.
Gumilyov Eurasian National University, Candidate of Historical Sciences
(Astana, Kazakhstan)
e-mail: Gauhar-abdrahmanova@mail.ru

ENVIRONMENTAL PROBLEMS OF THE CASPIAN REGION, CAUSES AND WAYS OF SOLUTION

Abstract. This paper examines the environmental problems of the Caspian region, the causes of their occurrence and the necessary solutions. The Caspian Sea has been suffering for a long time from oil pollution, radioactive waste from nuclear power plants, as well as large volumes of untreated industrial waste. Accordingly, there is also a depletion of the biological resources of the sea – namely, a huge number of rare species of fish – sturgeon and many others are dying.

Pollution of the Caspian Sea is an urgent and large-scale problem, because the negative impacts are increasing every day.

There is an urgent need to develop and adopt scientifically ways to solve the environmental problems of the Caspian region.

Keywords: Caspian region, environmental problems, negative impacts, environment, solutions.

Майя Урузғалиева, Ерболат Серғазин, Гаухар Абдрахманова КАСПИЙ ӨңІРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ, СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШІМДЕРІ

Аңдатпа. Бұл жұмыста Каспий өңірінің экологиялық проблемалары, олардың пайда болу себептері және шешу жолдары қарастырылған. Каспий теңізі ұзақ уақыт бойы мұнайдың ластануынан, атом электр станцияларының радиоактивті қалдықтарынан, сондай-ақ өнеркәсіптің тазартылмаған қалдықтарының үлкен көлемінен зардап шегіп келеді. Тиісінше, теңіздің биологиялық ресурстарының сарқылуы да орын алады – атап айтқанда, сирек кездесетін балық түрлерінің - бекіре тұқымдас балықтардың және басқа да көптеген түрлерінің жойылуы.

Каспий теңізінің ластануы ауқымды және өзекті проблема болып табылады, өйткені теріс әсерлер күн сайын артып келеді.

Каспий өңірінің экологиялық проблемаларын шешудің ғылыми негізделген жолдарын әзірлеу мен қабылдаудың шұғыл қажеттілігі бар.

Түйін сөздер: Каспий өңірі, экологиялық мәселелері, теріс әсерлері, қоршаған орта, шешімдер.

Майя Урузғалиева, Ерболат Сергазин, Гаухар Абдрахманова
ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА,
ПРИЧИНЫ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Аннотация. ВВ данной работе рассмотрены экологические проблемы Каспийского региона, причины их возникновения и необходимые пути решения. Каспийское море длительное время страдает от нефтяных загрязнений, радиоактивных отходов атомных электростанций, а также больших объемов неочищенных отходов промышленности. Соответственно, также происходит истощение биологических ресурсов моря – а именно гибнет огромное количество редких видов рыб – осетровых и многих других.

Загрязнение Каспийского моря является актуальной и масштабной проблемой, ведь негативные воздействия увеличиваются с каждым днём.

Существует острая необходимость разработки и принятия научно обоснованных путей решения экологических проблем Каспийского региона.

Ключевые слова: Каспийский регион, экологические проблемы, негативные воздействия, окружающая среда, пути решения.

Introduction

The Caspian Sea is a common ecological object of the Caspian region. The crisis in one part of the region will certainly affect others. If the Caspian Sea is not saved right now, it will turn into a shallow, polluted with oil and household chemicals, a shallow reservoir in which there will be no fish and other marine life.

Hazards and risks are primarily associated with the intensive development of the resources of the sea and the coastal zone. In order to understand what environmental hazards the inhabitants of the coastal strip are exposed to, it is necessary to find out first of all what impacts (natural and anthropogenic) these hazards and risks create for people. Firstly, it is the natural conditions of the Caspian Sea, which is a unique ecosystem and has its own laws of development. It combines the character and features of not only a lake, but also a large marine basin. That is why the Caspian has a dual nature - from the sea it took all the hydrophysical properties (atmospheric phenomena, organic world, geographical location), from the lake - the closeness of the reservoir and the lack of communication with the sea.

Since the Caspian Sea is a space between mountain peaks and all air masses that move from west to east and from north to south pass through it (and this is a



very narrow strip), it is in this region that atmospheric phenomena increase - winds, hurricanes, snowstorms, etc. This is the uniqueness of the sea: there is no second such basin that is not connected with the ocean, but has patterns in common with it [1].

The second feature is that the geological structure of the seabed is characteristic of the oceanic basin, which determines all geological and hydrogeological processes. For example, frequent earthquakes, which are typical for most of the mainland areas. Scientists explain this by the fact that the current Caspian Sea was formed from the Tethys Ocean, which stretched here tens of millions of years ago and disappeared as a result of the clash of lithospheric plates. They call it the Remnant Sea. Thus, the geographical position of the Caspian Sea itself creates danger and risks associated with atmospheric phenomena and being in the zone of active development of the Earth's crust.

Due to all the circumstances, the situation in the Caspian Sea continues to deteriorate. Industrial and oil pollution of the Caspian Sea has reached a "critical level". The development of oil fields and the movement of large tankers annually leads to the release of more than 122 thousand tons of potentially hazardous oil pollutants into the largest closed reservoir in the world. Also, the sea is poisoned by a large amount of heavy metals, which pose a huge danger to human health. Thus, it is known that the source of 95% of pollution is the Caspian countries in the north and northwest - Russia, Kazakhstan and Azerbaijan, which account for most of the offshore oil production.

According to experts of UNEP (United Nations Environment Programme), active exploration of oil and gas resources, growing networks of pipelines and transport routes, industrial pollution from the inflow of rivers and groundwater, climate change and coastal desertification, as well as loss of biodiversity due to excessive use of fish stocks and the emergence of aggressive introduced species - these are just a few of the environmental challenges that threaten the Caspian Sea [2].

More than 15 million people live in the Caspian region, who are heavily dependent on the natural resources of the sea. In this regard, the protection of the environment of the region is not only a matter of ecology, but also obligatory for reducing risks to the health of the coastal population and sustainable economic development. Since most of the problems are cross-border in nature, these challenges require closer and more active cooperation between the Caspian countries.

Research methods

The author used public sources of information; information from regional and international statistical data; ratios and indicators related to environmental safety specified in official sources, reports, government programs, Internet resources, etc. To achieve the goal, methods of analysis and comparison are used. In addition, as a modern form of research, the author resorted to the inductive method of research. This method is the formation of conclusions about the phenomenon based on the study of private signs (a large number of private environmental disasters and accidents at various enterprises, which resulted in a set of environmental problems in the whole region).

Literature review

Currently, much attention is paid to the comprehensive study of the Caspian Sea, which is associated not only with the intensive development of oil and gas production, significant changes in the regional climate, but also with rapidly developing environmental problems against this background. Modern researchers publish many scientific papers on the future fate of the Caspian region.

Thus, it is necessary to note the works of N.A. Sarsenbay «The concept of a comprehensive program of scientific and applied research of the Caspian Sea and the coast within the Atyrau and Mangistau regions» [3], F. Akiyanova «On the implementation of the scientific and applied program of the «Astana» MNC on the topic: «Comprehensive studies of the ecosystems of the Kazakh sector of the shelf and the Caspian Sea coast with an assessment of the impact of the oil and gas industry in 2021-2026» [4].

On the Internet resource asianecology.kz the article «Assessment of the current state of the Caspian Sea and analysis of the habitat of the Caspian Seal» has been published, the authors of this study are the Central Asian Institute for Ecological Research LLP, Almaty, Kazakhstan, Independent Center for investigation and Appraisal in organic Chemistry, Cuers, France.

It is necessary to note the scientific works of K.A. Byakishev: «The new international legal regime of the Caspian Sea» [5], «International legal problems of fisheries management» [6], «Safety at sea» [7], «The international legal status of the Caspian Sea».

A considerable contribution to the study of this topic was made by L. V. Dorofeeva «Prospects for the development of trade relations in the Caspian region for the Russian Federation» [8], S.A. Lebedev, A.G. Kostyanoy, A.I. Ginzburg «Dynamics of the Caspian Sea according to instrumental measurements, modeling results and remote sensing data» [9] and others.

The main part

The unique natural object – the Caspian Sea – in recent years is in the zone of ecological catastrophe, the preservation of its hydrocarbon resources and biological riches is a common environmental task of the countries of the Caspian region (Russia, Kazakhstan, Azerbaijan, Iran, Turkmenistan).

There are several environmental problems in the Caspian region, the main polluter of the Caspian Sea, of course, is oil. Oil pollution suppresses the development of phytobenthos and phytoplankton, which are represented by blue-green and diatoms, and also reduces oxygen production. Oil creates a film on the water surface that prevents phytoplankton from developing. This, in turn, leads to a decrease in the level of oxygen in the water and the death of marine inhabitants. The number of sturgeon fish is decreasing, followed by waterfowl. The increase in pollution, respectively, negatively affects the heat, gas, and moisture exchange between the water surface and the atmosphere. Due to the spread of the oil film over large areas, the evaporation rate decreases several times [10].

Also, pollution of the Caspian Sea is caused by phenols - hydroxyl derivatives



of aromatic hydrocarbons (volatile and non-volatile), they are common pollutants entering natural waters with wastewater from oil refineries and other enterprises. Usually, under natural conditions, phenols are formed during the metabolism of aquatic organisms, during the biochemical oxidation of organic substances. The maximum permissible concentration of phenols in drinking water and water of fishery reservoirs is 1 mcg/l. From the results of the analysis, we found that the content of phenols in water in shallow areas of the sea reached 8 mcg/l, and the average content of phenols in water of the Caspian Sea reaches 60 mcg/l, and the average value characteristic of the waters of this area is 3 mcg/l, that is, the average concentration of phenols in the water has recently increased to 6 MPC (0.006 mg/l) [11].

The next pollutant is wastewater. The Volga and all other rivers that carry their waters to the Caspian Sea bring with them tons of human waste products, as well as household solid garbage. Many coastal cities do not have sewage treatment plants and drain sewage – both from homes and businesses – directly into the sea. Dirty waters create dangerous oxygen-free zones - they have already appeared in the south of the region. These are parts of the sea where due to the high level of pollution, all marine vegetation that produces oxygen dies, and after algae, all marine life dies [12].

The next problem is overfishing and poaching leads to a reduction in the number of sturgeons. So, poaching, according to unofficial data of local residents, accounts for up to 80% of the catch. In recent years, poaching has been actively combated, which has led to a slight recovery of the sturgeon population.

Another serious problem is the decline in sea level. In some regions, the coastline recedes by a meter per year. This is due to the active construction of dams and power plants on the rivers feeding the Caspian Sea, as well as due to excessive water intake from rivers for irrigation of fields. Geothermal power plants are a great alternative to traditional methods of energy production. The Ministry of Ecology, Geology and Natural Resources of the Republic of Kazakhstan recalled that the downward trend in the level of the Caspian Sea began in 2006, and by 2016 amounted to 27.99 m. According to the long-term forecast, by 2040 the sea will become shallow by 2.04 m.

The real problem for the Caspian Sea is the active reproduction of alien organisms - mnemiopsis ctenophore. Ctenophore practically devastated the Azov and Black Seas in the 80s, now it destroys the food base of Caspian fish, consuming a huge amount of plankton. The ctenophore also eats sturgeon caviar, reducing the already meager population.

Based on the above, the environmental problems of the Caspian Sea and its coast are a consequence of the entire history of extensive economic development in the countries of the region. This is superimposed both by long-term natural changes (secular fluctuations in sea level, climate change) and acute socio-economic problems of today (transition period, economic crisis, conflicts, introduction of transnational corporations, etc.).

The problems that have arisen regarding the condition and pollution of the Caspian Sea require the adoption of active measures to protect the environment in the region and, accordingly, control by the five coastal states.

It should be recalled that in 2003, the Caspian countries signed the Framework

Convention for the Protection of the Marine Environment of the Caspian Sea in Tehran. It was approved on August 12, 2006. Since then, five Caspian littoral states have been jointly solving the problems of the marine environment in the Caspian Sea.

The above environmental problems of the Caspian continue to exist in full, in connection with which, we believe it is necessary, first of all, in the development and operation of hydrocarbon resources in the Caspian Sea basin, to carry out environmental protection measures on an ongoing basis. And also, in our opinion, it is necessary to update common regulatory, methodological and legal documents for the development of hydrocarbon raw materials, which would exclude or reduce the anthropogenic impact on the ecosystem of the Caspian Sea. If the coastal countries jointly and rationally use natural resources, carry out work to increase the number of plants and animals, environmental protection measures, then in this case the Caspian Sea will live.

International emergency services in case of accidents in the Caspian Sea are also very important. We also need the Caspian Environmental Fund. Ensuring environmental safety, the development of environmental monitoring is a priority problem of each state. The possibility of restoring the ecosystems of the Caspian Sea largely depends on the coordinated actions of the Caspian states.

It should be noted that from June 1 to July 1, 2022, major repairs are expected at the field of the Kazakh side, during which production will not be carried out.

Based on the above, we can see that the Caspian Sea is a common ecological object of the Caspian region, and the crisis in one of its parts will result in a common, inseparable ecological catastrophe, which, ultimately, will affect the personal plans of each state and its development prospects. Effective environmental control over oil operations and the general situation in the Caspian Sea is possible only with the joint control of the Caspian littoral states. In turn, such control can be carried out through the creation of an interstate environmental authority, and the granting of appropriate powers, in particular, the right to preliminary environmental expertise of oil projects, to suspend or terminate the implementation of these projects in the event of an environmental hazard or increased risk, as well as the development and implementation of joint environmental programs.

Conclusion

Summing up, it should be noted that ensuring the stability of the environmental situation in the Caspian region largely depends on active interstate cooperation. Measures to save the region should be supported by all coastal States, and should include mandatory:

- development of emergency response systems for emergency oil emissions;
- cleaning and proper storage of waste from processing enterprises;
- stopping poaching;
- creation of nature conservation areas;
- creation of sturgeon and other fish breeding enterprises;
- allocation of funds from the budget for the study of environmental problems of the region.

Based on the above, we believe that the possibility of restoring the ecosystems of the Caspian Sea largely depends on ensuring and coordinating the actions of the Caspian states on the above points (proposals).

REFERENCES:

1. Mezhdunarodnyye vershinami [Between mountain peaks] URL: <https://www.kaspiy.az/mezdu-gornymi-vershinami> (Accessed: 23.05.2022)
2. Ekologiya Kaspiiskogo morya nakhoditsya v kriticheskom sostoyanii, predosteregayut eksperty [The ecology of the Caspian Sea is in critical condition, experts warn] URL: <https://penzanews.ru/analysis/55078-2012> (Accessed: 23.05.2022)
3. Sarsenbai N.A. Kontseptsiya kompleksnoi programmy nauchno-prikladnykh issledovaniy Kaspiiskogo morya i poberezh'ya v predelakh Atyrauskoj i Mangistauskoj oblastej [The concept of a comprehensive program of scientific and applied research of the Caspian Sea and the coast within the Atyrau and Mangystau regions] URL: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/2950> (Accessed: 20.05.2022)
4. Akiyanova F.Zh. O realizatsii nauchno-prikladnoi programmy MNK «Astana» po teme: Kompleksnyye issledovaniya ekosistem kazakhstanskogo sektora shel'fa i poberezh'ya Kaspiiskogo morya s otsenкой vliyaniya neftegazovoi otrasli v 2021–2026 godakh [On the implementation of the scientific and applied program of the MNC "Astana" on the topic: Comprehensive studies of the ecosystems of the Kazakhstani sector of the shelf and the coast of the Caspian Sea with an assessment of the impact of the oil and gas industry in 2021–2026] URL: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/2943> (Accessed: 20.05.2022)
5. Bekyashev K.A. Novyi mezhdunarodno-pravovoi rezhim Kaspiiskogo morya [New international legal regime of the Caspian Sea] // Trudy VNIRO. 2018. № . URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novyy-mezhdunarodno-pravovoy-rezhim-kaspiyskogo-morya> (Accessed: 23.05.2022)
6. Bekyashev K.A. Mezhdunarodno-pravovyye problemy upravleniya rybolovstvom [International legal problems of fisheries management] URL: https://old.mgimo.ru/library/publications/mezhdunarodno-pravovyye-problemy-upravleniya-rybolovstvom_v_sredizemnom_i_karibskom_moryakh/ (Accessed: 23.05.2022)
7. Bekyashev K. A., Sidorchenko V. F. Bezopasnost' na more [Maritime safety] URL: <https://www.morkniga.ru/p826640.html> (Accessed: 23.05.2022)
8. Dorofeeva L.V. Perspektivy razvitiya trgovykh otnosheniy v Kaspiiskom regione dlya Rossiiskoi Federatsii. URL: <https://roscongress.org/materials/perspektivy-razvitiya-torgovykh-otnosheniy-v-kaspiyskom-regione-dlya-rossiyskoy-federatsii/> [Prospects for the development of trade relations in the Caspian region for the Russian Federation] (Accessed: 23.05.2022)
9. S.A. Lebedev, A.G. Kostyanov, A.I. Ginzburg Dinamika Kaspiiskogo morya po dannym instrumental'nykh izmereniy, rezul'tatam modelirovaniya i dannym distantsionnogo zondirovaniya [Dynamics of the Caspian Sea according to instrumental measurements, modeling results and remote sensing data] URL: http://www.iki.rssi.ru/asp/dep_proj/pr555_10.pdf (Accessed: 23.05.2022).
10. Ekologicheskie problemy Kaspiiskogo morya i ikh prichiny [Environmental problems of the Caspian Sea and their causes] URL: <https://stud.baribar.kz/22645/ekologicheskie-problemy-kaspiyskogo-morya-i-ikh-prichiny> (Accessed: 23.05.2022).
11. Ekologicheskie problemy Kaspiiskogo morya i ikh prichiny. URL: <https://stud.baribar.kz/22645/ekologicheskie-problemy-kaspiyskogo-morya-i-ikh-prichiny> (Accessed: 23.05.2022).
12. K kakim posledstviyam mozhet privesti zagryaznenie nef'tyu i stochnymi vodami, a takzhe snizhenie urovnya vody Kaspiiskogo morya? [What are the consequences of oil and sewage pollution, as well as a decrease in the water level of the Caspian Sea?] URL: <https://greenologiya.ru/eko-problemy/gidrosfera/kaspiyskoe-more.html> (Accessed: 23.05.2022).

Айгерім Турханова¹, Әсемгүл Гусманова²

*¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті,
саяси ғылымдарының кандидаты
e-mail: sajasata@mail.ru*

*² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
(Астана, Қазақстан)
e-mail: assem_gus89@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЛДІК ИМИДЖІНІҢ ДАМУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ СТАРТАП МЕН БИЗНЕС ЖОБАЛАРЫНЫҢ РӨЛІН ТАЛДАУ

Андатпа. Бүгінгі таңда Қазақстанда бизнес ортаны дамыту басым бағыттардың біріне айналды. Бұл мақалада бизнес экожүйесі түсінігі және оның елдік имиджінің дамуына тікелей әсер тигізетін факторлары айқындалады. Инновациялық стартаптар мен бизнес жобалар секілді жаңа феноменінің қалыптасуы мен қысқаша тарихы көрсетілген. Мықты және танымал саяси ұлттық бренд, барлық қатысушы тараптар үшін, соның ішінде жеке және мемлекеттік секторлар үшін, сондай-ақ барлық мемлекеттік органдар, қоғам және азаматтар үшін тиімді. Осы аспектілердің барлығы оны құру мен дамытуда маңызды рөл атқарады. Кез келген адам дәйекті тәсілдің қажеттілігін мойындайды және ұлттық брендингтің дамуына үлес қосуға дайын, бірақ, шын мәнінде оны жүзеге асырудың функционалдық моделін жасау қиын міндет болып табылады. Мақалада елдік имиджі дамытуда стартаптар мен бизнес жобалардың ойнайтын рөлі, мемлекеттің саяси экономикасында алатын орны туралы зерттеуге талдау жасалған. Мақалада елдің оң имиджін қалыптастыру процесінде қолдануға болатын жағдайлық зерттеулер пайдаланылады.

Түйін сөздер: *стартап, елдік имидж, инновация, саясат, саяси экономика, бизнес*

Айгерім Турханова, Асемгүл Гусманова

АНАЛИЗ РОЛИ ИННОВАЦИОННЫХ СТАРТАП И БИЗНЕС-ПРОЕКТОВ КАК ФАКТОРА РАЗВИТИЯ СТРАНОВОГО ИМИДЖА КАЗАХСТАНА

Аннотация. На сегодняшний день развитие бизнес среды в Казахстане стала одной из приоритетных направлений. В данной статье поднимается вопрос о концепции бизнес экосистемы и его прямого влияния на развитие странового имиджа. Показана краткая история образования и становления нового явления инновационных стартап и бизнес-проектов. Сильный и узнаваемый национальный бренд выгоден для всех вовлеченных сторон, для частных и государственных

секторов в том числе, а также для всех государственных органов, общественности и граждан. Все эти же стороны играют важную роль в его создании и становлении. Все осознают необходимость согласованного подхода и готовы внести свой вклад в процесс развития брендинга, но, на самом деле, создание функциональных моделей для его реализации представляет собой сложную задачу. В статье представлен анализ исследований о роли стартапов и бизнес-проектов в развитии имиджа страны и в политической экономике. В статье используются тематические исследования, которые могут быть применены в процессе создания положительного имиджа страны.

Ключевые слова: *стартап, страновой имидж, инновации, политика, политическая экономика, бизнес.*

Aigerim Turkhanova, Asemgul Gusmanova

ANALYSIS OF THE ROLE OF INNOVATIVE STARTUPS AND BUSINESS PROJECTS AS A FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF THE COUNTRY IMAGE OF KAZAKHSTAN

Abstract. Today, the development of the business environment in Kazakhstan has become one of the priorities. This article identifies the concept of business ecosystem and the factors that directly affect the development of its country image. A brief history of the formation of a new phenomenon, such as innovative startups and business projects. A strong and well-known national brand, beneficial to all stakeholders, including the private and public sectors, as well as to all government agencies, society and citizens. All these aspects play an important role in its creation and development. Everyone recognizes the need for a consistent approach and is ready to contribute to the development of national branding, but in fact, creating a functional model for its implementation is a difficult task. The article presents an analysis of studies on the role of startups and business projects in the development of the country's image and in the political economy. The article uses case studies that can be applied in the process of creating a positive image of the country.

Keywords: *startup, country image, innovation, political economy, politic, business.*

Кіріспе

Бүгінгі таңда технология мен инновациялық даму дәуірінде біз startup, бизнес-экожүйе, инновациялық бизнес жобалар сияқты жаңа құбылыстың өнімдерін жиі естіміз. «Инновация» және «кәсіпкер» ұғымдары көбінесе өнертабыс және шағын бизнес иелері сияқты терминдермен алмасады, бірақ, одан да жиі «Стартап» терминімен белгілі. Стартап термині 70-жылдардың аяғында АҚШ-та пайда болып, 90-жылдардың соңында бүкіл әлемге танымал болды [1]. Стартап – жаңа технологияны дамытатын және пайдаланатын, өсу әлеуеті жоғары немесе ерте кезеңдегі жаңа компания. Жалпы, компанияның дамуы, жаңа технологиялар мен бизнес тәсілдерін дұрыс қолдануына тәуелді.

1990 жылдардан бастап технологиялық мүмкіндігі аса зор және қарқынды дамып келген «интернет желісін» мысалға келтіруге болады, бүгінгі таңда өміріміздің бір құрамдас бөлігіне айналғаны оған дәлел. Стартаптардың бұл түрлері интернет-стартаптар немесе кеңірек айтқанда, технологиялық стартаптар ретінде белгілі болды, сондықтан «стартап» термині әлі де «технологиялық стартап» деп аталады.

Стартаптар көбінесе Кремний алқабының көтерілуімен байланысты. «Кремний алқабы» термині алғаш рет 1971 жылы «Electronic News» журналында қолданылды, ол негізінен жартылай өткізгіштерді (кремний негізгі ингредиент болды) жасайтын саладағы компанияларға қатысты болды [2]. «Кремний алқабының» қалыптасуы мен әлемге танылуы, 1951 жылы Стэнфорд университетіне жататын Стэнфорд индустриялық паркінің құрылуынан бастау алды. Бұл – тарихи оқиға, кейіннен Стэнфорд университетінің төңірегіне жаңа компаниялардың шоғырлануымен және 1970 жылдардан бері әлемнің технологиялық дамуына үлкен әсер етуімен белгілі.

Интернет секілді және басқа да заманауи технологиялар, жаңа компаниялар үшін қарқынды өсу мүмкіндігіне жол ашты. 1994 жылы алғашқы веб-браузер енгізілгеннен бастап интернеттің жылдам дамуы – «заттар интернеті» деп аталатын құбылыстың соңғы көрінісі. 1990 жылы интернетке шамамен 1 миллионнан астам адам қосылған. 1995 жылдары бұл көрсеткіш 50 миллионға дейін өсті. 2021 жылға қарай интернет 7,8 миллиард пайдаланушыны немесе дүниежүзі халықтарының 100 %-ын қамтыды. Бірақ, бүгінде стартап феномені тек Кремний алқабымен немесе АҚШ-пен ғана шектелмейді, ол бүкіл әлем бойынша өсу орталықтары бар, толығымен жаһандық феноменге айналды, соның ішіндегі ең ірілері – Финляндия, Берлин, Лондон, Сингапур, Бейжін, Израиль және Токио. Көптеген дамушы елдерде стартап орталықтары, белсенді инкубаторлар мен акселераторлар бар, бұл кәсіпкерлік идеялардың жаңа түрлерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды және осы елдермен қатар бұл даму тенденциясын Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстан бірінші болып қолданды.

Тәуелсіздік алғаннан бері, Қазақстан инвестициялық ахуалды қалыптастыру және дамыту аясында белсенді жұмыс жүргізді, бұл өз кезегінде инновациялық бизнес-идеяларды іске асыруды кешенді түрде жүзеге асыруға ықпалын тигізді. Өндіріс пен IT-технологиялардағы соңғы тенденциялар күн сайын халықаралық платформаларда өз ережелерін талап етеді және біздің еліміз бұл өзгерістерді айналып өтпейді. Жаңа енгізулер көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен құжаттарда көрсетілген. Соның бірі Н.Назарбаев қабылдаған «Ұлт жоспары – бес институттық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам». Бұл жоспардың мәні – жаһандық ішкі сын-қатерлерге жауап және жаңа тарихи жағдайларда дамыған 30 елдің қатарына кіруінде. Яғни, еліміздің стратегиясы – отандық кластерлерді жан-жақты дамыту, халықаралық аренаға тұрақты түрде шығару. Ал осы кластерлердің бірі, бизнес ортаны дамыту болып саналады.

Жалпыға анық, бизнестің дамуы инновациялық бизнестің экожүйесіне байланысты, ал осы экожүйеге қандай концептуалды негіздер кіретінін қарастырған жөн. Бизнес және стартаптар экожүйесі – жаңа стартаптарды құру және масштабтау жүйесі ретінде жұмыс істейтін адамдар тобынан, стартаптардан және оған байланысты ұйымдардан тұрады. Стартап экожүйелері көбінесе университет алаңында және технологиялық компаниялар немесе ұйымдардың аумағында шоғырланып, қалыптасады. Бұл экожүйе жаңа кәсіпкерлерді, тәлімгерлерді, инкубаторларды, университеттер мен корпорациялардан шыққан талант көздерін, инвесторларды және қолдау қызметтерін қоса алғанда, кәсіпорынды дамытуға ұмтылатын негізгі субъектілер мен мүдделі тараптарды біріктіреді. Бизнес пен инновацияның экожүйесін зерттеуді жалғастыра отырып, бүгінгі таңда Қазақстанда «Astana hub» IT-зертханасы, «Astana Innovations» АҚ, «Qaztech Ventures» АҚ, «Нурис» сияқты ұйымдар бұл нарықты алға жылжытуда. Еліміздегі көптеген жоғары оқу орындарының базасында бизнес-инкубаторлар мен акселераторлар да құрылуда. «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен, Қазақстанда алғаш рет «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) құрылды. АХҚО қаржылық қызметтерді ілгерілету және құру бойынша ең ірі халықаралық орталық, сонымен қатар оның ішінде құрамдас IT және қаржылық технологиялар саласындағы стартап жобаларды қолдауға арналған Fintech Hub платформасы орналасқан [3].

13. 能源战争·余胜海/著·北京大学出版社2012年1月第一版 [Energy War, by Yu Shenghai / First Edition, Beijing University Press, January 2012]
14. "加强能源国际合作研究"; 景春梅; 中国智库经济观察 (2017) ["Research on Strengthening International Cooperation in Energy"; Jing Chunmei; China Think Tank Economic Watch (2017)]
15. Keynote address by Mohammad Sanusi Barkindo, OPEC Secretary General, at the MSGBC Oil, Gas and Power Conference and Exhibition held in Dakar, Senegal, 16 December 2021 [Electronic Source]. - URL: https://www.opec.org/opec_web/en/press_room/6753.htm
16. Zaitseva S.P. Current trends in the development of the oil and gas industry during the crisis. Fundamental Research. - 2016. - No. 4 (part 3) - P. 579-583
17. OPEC and OPEC+: balancing the global oil market. Energy Bulletin, August 2019. -No 75.
18. Oil Market Report - December 2021 [Electronic Source]/ International Energy Agency, 2021. - URL:<https://www.iea.org/reports/oil-market-report-december-2021>
19. Karablin U.S., Tukaev A.K. Key trends in the global oil industry // KAZENERGY. - 2019. -T.3. - №94. - 57 pp.
20. Borovsky Y. Price wars on the world oil market // International Processes. - 2017. -T.15. - №1. - 176-185 pp.
21. Bobylev Y.N. World Oil Market: Equipping Trends // Economic Development of Russia. - 2020. - T.27. - №2. - 28 pp.
22. Alessandro Berti OPEC: evoluzione storica e politica di un cartello economico (1960 - 2018) // Dissertation. Sapienza-University of Rome. - 2018.

Жасұлан Орынбаев¹, Талғат Тұмашбай²

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты
e-mail: zhassulan.orynbayev@gmail.com

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты
(Астана, Қазақстан)
e-mail: tumashbai@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КОНТЕКСТІНДЕГІ СУ ҚАУІПСІЗДІГІ

Андатпа. Мақалада мемлекет үшін су қауіпсіздігінің маңыздылығы қарастырылған. Кейс-стади ретінде Израиль, Біріккен Араб Әмірліктері, Иордания мен Үндістан–Пәкістан арасындағы су мәселелерінің шешу жолдары және оның Қазақстан үшін тиімділігі қарастырылған. Сонымен қатар су ресурстарының Орталық Азия мемлекеттерінің арасында бөліну ерекшеліктері және су тапшылығының себептері зерделенген. Су қауіпсіздігінің негізгі құрылымдық факторлары және су ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттер арасындағы өзара іс-әрекеттері көрсетілген. Су ресурстары үшін қақтығыстардың негізгі түрлері анықталып, олардың ерекшеліктері атап өтілген. Судың халық үшін және де мемлекет үшін қандай стратегиялық маңыздылығы бар екендігіне талдау жасалынған. Сонымен қатар су ресурстары айналасында болатын қақтығыстарға талдау жасалынған. Орталық Азия мемлекеттері ішінде мысал ретінде Қырғызстанмен арадағы су қатынастарының ерекше тұстары кейс-стади ретінде келтірілген.

Түйін сөздер: Су қауіпсіздігі, Орталық Азия, Сырдария, Амудария, су тапшылығы, қақтығыстар, су ресурстары және т.б.

Жасулан Орынбаев, Талғат Тұмашбай

ВОДНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ В КОНТЕКСТЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

Аннотация. В статье рассмотрено значение водной безопасности для государства. Тематическое исследование представляет собой решение водного спора между Израилем, Объединенными Арабскими Эмиратами, Иорданией и Индией—Пакистаном и его эффективность для Казахстана. Также изучаются особенности распределения водных ресурсов между государствами Центральной Азии и причины маловодья. Указаны основные структурные факторы водной безопасности и взаимодействия государств, в сфере управления водными ресурсами. Выявлены основные виды конфликтов за водные ресурсы и отмечены их особенности. Сделан анализ стратегического значения воды для народа и государства. Также анализируются конфликты из-за водных ресурсов. Среди

государств Центральной Азии в качестве примера приводится специфика водных отношений с Кыргызстаном.

Ключевые слова: водная безопасность, Центральная Азия, Сырдарья, Амударья, дефицит воды, конфликты, водные ресурсы и др.

Zhassulan Orynbayev, Talgat Tumashbai

WATER SECURITY IN THE CONTEXT OF NATIONAL SECURITY.

Abstract. The article considers the importance of water security for the state. The case study presents the solution to the water dispute between Israel, the United Arab Emirates, Jordan and India-Pakistan and its effectiveness for Kazakhstan. The features of the distribution of water resources between the states of Central Asia and the causes of low water are also being studied. The main structural factors of water security and interaction of states in the field of water resources management are indicated. The main types of conflicts for water resources are identified and their features are noted. An analysis of the strategic importance of water for the people and the state is made. Conflicts over water resources are also analyzed. Among the states of Central Asia, the specifics of water relations with Kyrgyzstan are given as an example.

Key words: Water security, Central Asia, Syrdarya, Amudarya, water scarcity, conflicts, water resources, etc.

Кіріспе

Жер бетінде адам санының көбеюі, өндірістердің көптеп салынуы, ағын сулардың тартылуы және тағы басқа себептер, суды жиырма бірінші ғасырдың ең құнды ресурстарының біріне айналдырып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеулерінің нәтижесіне сәйкес жыл сайын адамзаттың су ресурстарына деген қажеттілігі 1% артып отырады екен. Әсіресе су ресурстарына деген мұқтаждық экономикасы дамушы елдерде күннен күнге артуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеулерінде 2050 жылы 5 миллиардқа жуық адам су ресурстары шектеулі аймақтарда өмір сүреді делінген. Халықаралық қатынастар мамандары тарапынан, болашақта су ресурстары үшін қақтығыстар көбее түседі деген болжам айтылып келеді. Сондықтан мемлекеттер қазірден су мәселесін шешуге үлкен назар аударуда. Жалпы мемлекет үшін қауіпсіздік ұғымы мен оның қолдану аумағы кеңеюде. Мысалы, мемлекеттік қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік және т.б. қауіпсіздік түрлеріне су қауіпсіздігі, азық-түлік қауіпсіздігі және экологиялық қауіпсіздік сияқты актуалды әрі маңызға ие түрлері қосылуда.

Су қауіпсіздігі ғылыми айналымға күні кеше қосылған термин деп айтуға болады. Алғаш бұл термин 2000 жылы Гаага қаласында өткен екінші Бүкіләлемдік су форумында қолданылған болатын. Әлем саясаткерлері бүгінге дейін су мәселелерін күн тәртібіне шығарғанда осы терминді жиі қолданады. Бүгінде су қауіпсіздігінің көптеген анықтамаларының пайда болуы, су

қауіпсіздігін анықтаудағы концепциялары мен өлшем нұсқаларының арасында шатасулардың туындауына негіз болуда [1].

Су қауіпсіздігі экологиялық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі. Барри Бузан, Оле Уейвер и Яап де Уильде өздерінің 1998 жылы жазып шығарған «Қауіпсіздік: талдаудың жаңа негізі» атты кітабында Экологиялық қауіпсіздікке арналған бөлімінде, су қауіпсіздігіне қатысты мынадай тезис кездеседі: «Су ағысының жоғарғы жағында орналасқан мемлекет яки мемлекеттер судың сапасы мен көлемін бақылауда ұстау арқылы су ресурстарын көршілеріне ықпал етудің тегігі ретінде қолданады» деген.

Бүгінде Орталық Азия елдерінің арасында су ресурстарының бөлінісінде өзіндік мәселелері бар. Қазақстан, Түркменстан және Өзбекстан су ресурстары жеткіліксіз мемлекеттер қатарына кіреді. Су ресурстарының бастауы Қырғызстан мен Тәжікстанда болғандықтан бұл мемлекеттерде су мәселесі қатты байқалмайды. Қырғызстан мен Тәжікстан экономикасының негізгі қайнар көзінің бірі электр жарығын өндіріп, алыс-жақын шетелдерге сату болғандықтан, екі мемлекетте де су электр станциялары жұмыс істеуде және болашақта қосымша су электр станцияларын салу жоспарлануда. Оған қоса Өзбекстан экономикасының бюджетке кірісінің бірі ауылшаруашылығы болғандықтан егістік алқаптар үшін көптеп су қолданады. Нәтижесінде Қырғызстаннан бастау алып Тәжікстан мен Өзбекстан территорияларын басып өтетін Сырдария суы Қазақстанға келгенде жеткіліксіз мөлшерде болып, Қазақстан үшін су қажеттіліктерінің туындауына себеп болуда. Бастысы Арал теңізі тартылып әлемдік деңгейде экологиялық мәселелерге әкеп соғуда. Бұған қоса мамандардың болжауынша 2050 жылы Қазақстанның ауыз су тапшылығы 3 есеге өсуі мүмкін [2]. Соңғы 20 жылда Іле өзенінің ағыны жылына 17,8-ден 12,7 км³ дейін азайған. Су саласы мамандарының болжамынша 2050 жылға дейін осы қарқынмен кете беретін болса Іле өзенінің ағыны 40%-ға азаюы мүмкін [3]. Сондықтан Қазақстанның су қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезек күттірмейтін мәселе болып отыр.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеуде кейс-стади негізінде талдау жасау, ивент талдау, салыстырмалы талдау жасау қолданылған. Зерттеуде су мәселелері саласында зерттеулер жүргізген отандық және шетелдік мамандардың еңбектері, сонымен қатар интернет желісіндегі ақпараттық базасы да қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Су, жер шарының 70,8% алып жатыр. 326 071 300 текше метр. миль судың 97,5% мұхиттарға тиесілі. Адамзаттың өндірістік қызметі және оның тұрмыстық қажеттіліктері үшін тұщы су қажет, оның мөлшері жер бетіндегі судың жалпы көлемінің 2,7% құрайды және оның өте аз бөлігі (бар болғаны 0,36%) оңай қолжетімді жерлерде орналасқан. Шамамен 2,8 миллиард адамның (әлем халқының 40%) тұрмыстық қажеттіліктеріне су жетіспейді [4].

Біріккен Ұлттар Ұйымы суға байланысты келесі мәселелерді атап көрсеткен:

- 2,2 миллиард адамның қауіпсіз ауыз суға қолжеткізу мүмкіндігі жоқ. (ДДҰ / ЮНИСЕФ, 2019)

- 2 миллиардқа жуық адам қарапайым сумен қамтамасыз етілмеген денсаулық сақтау мекемелерінде қызмет алады. (ДДҰ / ЮНИСЕФ, 2020)

- Әлем халқының жартысынан астамы немесе 4,52 миллиард адам қауіпсіз санитарлық және гигиеналық қызметтерге қолжеткізу мүмкіндігі жоқ. (ДДҰ / ЮНИСЕФ, 2019)

- Жыл сайын бес жасқа дейінгі 297 000 бала санитарлық жағдайдың жеткіліксіздігі, нашар гигиена немесе қауіпсіз емес ауыз судың салдарынан диареядан қайтыс болады. (ДДҰ / ЮНИСЕФ, 2019)

- 2 миллиард адам су тапшылығы бар елдерде тұрады. (БҰҰ, 2019). Су тапшылығы қазірдің өзінде әрбір 10 адамның төртеуіне әсер етеді. (ДДСҰ)

- Барлық табиғи апаттардың 90%-ы суға байланысты.

- Ағынды сулардың 80% тазартусыз экожүйеге кері қайтарылады. (ЮНЕСКО, 2017 ж.)

- Дүние жүзіндегі трансшекаралық өзендердің үштен екісін бірлесіп басқару туралы келісімдер жоқ. (SIWI)

- Дүние жүзіндегі жұмсалатын судың 70%-ы ауыл шаруашылығына тиесілі. (ФАО) [5]

«Су» стратегиялық маңызды ресурс

Су – адам баласы үшін азықтың бір түрі, мемлекет үшін стратегиялық нысан. Осы екі тезисті жіктеп қарастыратын болсақ судың маңыздылығын төмендегі деңгейлерге бөліп қарастыруға болады.

1-кесте. Адам үшін судың қажеттілік деңгейлері

Қажеттілік деңгейлері	Сипаттамасы
Бірінші қажеттілік деңгейі	Ауызсу ретінде қолданатын және азық дайындауда пайдаланатын химиялық элемент.
Екінші қажеттілік деңгейі	Жеміс-жидек, көкөніс өсіруде қолданатын сұйықтық.
Үшінші қажеттілік деңгейі	Гигиеналық (жуыну, шайыну, шомылу).

2-кесте. Мемлекет үшін стратегиялық маңыздылығы

Маңыздылығы	Сипаттамасы
Бірінші кезектегі	Су ресурстары саласы бойынша өзге мемлекеттерден тәуелсіз болу.
Екінші кезектегі	Ауызсу, Ауыл-шаруашылықта қолданатын ресурс.
Үшінші кезектегі	Тұрғын үйлерді сумен қамтамасыз ету.

Мемлекеттерді су ресурстарына мұқтаж немесе су ресурстарына жеткілікте дәрежеде ие деп саралауға болады. Мысал ретінде Орталық Азия мемлекеттерін алатын болсақ, су ресурстарына жеткілікті дәрежеде ие мемлекет ол Қырғызстан мен Тәжікстан, ал су ресурстарына мұқтаж немесе көрші мемлекеттеріне тәуелді мемлекеттер санатына Қазақстан, Өзбекстан және Түркменстанды жатқызуға болады.

Жалпы Орталық Азия мемлекеттері 180 км³ су ресурстарына ие. Ол ресурстардың 90% Тянь-Шань мен Памир тауларының етегіндегі аймақтарда қалыптасады. Орталық Азияның ең ірі өзені Амударияның ұзындығы 240 км, бассейні аймағы 309 мың км², өзен ағынын пайыздық есеппен бөлсек – Тәжікстанға – 80%, Ауғанстанға – 7,9%, Түркменстан мен Иранға – 3,5%, Өзбекстанға – 6%, Қырғызстанға 0 2,4% тиесілі. Өңірдің екінші ірі өзені Сырдарияның ұзындығы 3019 км, бассейні аймағы 219 мың км² өзен ағынының Қырғызстанға – 74%, Өзбекстанға – 14%, Қазақстанға – 9%, Тәжікстанға – 3% тиесілі [6].

Мемлекет және су қауіпсіздігі

Су қауіпсіздігінің маңыздылығының бір тарапы ол – көрші мемлекеттердің саяси қысым тетіктерінен тәуелсіз болуы. Көптеген елдер өздерінің саяси ойынында суды тікелей не жанама қысым көрсету тетігі ретінде қолданатыны ешкімге құпия емес. Оған айқын дәлел, 2010 жылы сәуір айында Қырғыз Республикасында болған мемлекеттік төңкерістен кейін Қазақстан тарапынан шекарадағы жабылған кеден бекеттеріне жауап ретінде Қырғыз тарапы Шу және Талас өзендеріне құйылатын Киров су қоймасын жауып тастаған. Әрине бұл әрекетін Қырғыз тарапы су қоймада жасалып жатқан жөндеу жұмыстарына байланысты деп жауап берген [7]. Бірақ Қырғызстанның бұл әрекетінің астары аса тереңде жатпағанын байқау аса қиын емес. Барлық себеп Қазақстан Қырғызстанмен арадағы шекераны жауып тастау салдарынан Қырғызстан экономикасы 40 күннің ішінде 1 миллиард долларға жуық пайдасынан айырылған. Себебі Қырғызстанда өндірілетін тауардың 80% сыртқы нарыққа сатылымға шығарылады [8]. Қазақстан бұл қалыптасқан жағдайда Қырғыз елі үшін Еуропаға шығатын ең тиімді жол болғандықтан, болашақта да суды саяси ойындарда «негізгі қозырь» ретінде пайланатыны анық. Мысалы, 2022 жылдың сәуір айының соңында Қырғызстан мен Қазақстан шекара бекеттерінде қырғыз жүк көліктерінің ұзын-сонар кезекте тұрып шекарадан өте алмауына байланысты қырғыз депутаты Айбек Алтынбеков Қазақстанның экономикалық блокадасына жауап ретінде Қазақстанға келетін суды тоқтатуды ұсынды. Депутат осы ұсынысын парламенттің бюджет және фискалдық саясат комитетінің отырысында да мәлімдеді [9].

Су қауіпсіздігі бойынша маман, профессор Марк Зейтун су бассейніндегі күш тепе-теңдігіне әрқайсысы өзіндік әсер ететін күштің бірнеше категориясын айқындап көрсеткен. Бірінші категория «қатаң күш», екіншісі «келіссөз», үшіншісі «идея күші». «Қатаң күш» әскери және экономикалық күшпен өлшенеді, «келіссөз» бен «идеялық» категориясы «жұмсақ» күшке жатады.

Яғни, акторлардың қатаң күшке жүгінбей өзара ынтымақтастық шеңберінде әрекет етуі [10].

Қазір Қырғызстан экономикалық мағынада өңірдің аса мықты елі болмағандықтан су олар үшін әзірше «жұмсақ күш» құралы ғана, себебі бұл «рычагты» Қырғыз елі тек көршілеріне қарсы, тек төтенше жағдайларда ғана қолдануда. Болашақта экономикасы дамып, әлем нарығына альтернативті шығу жолдарын тапса, көрші елдерге деген тәуелділік едәуір әлсіресе Қырғызстан суды «қатаң күш» деңгейіне көтеріп саудалауы ықтимал.

Су және қақтығыстар

Мемлекеттер де тірі организм іспеттес қажеттіліктерін қамтамасыз етіп отыруға мәжбүр. Сонымен қатар мемлекеттердің тірі жанға тән мінезі және амбициясы болады. Су – тірі жан иесінің күнделікті тұтынатын өнімі болғандықтан мемлекеттің стратегиялық нысаны болып есептеледі. Халықаралық қатынастар мамандарының пайымдауынша су ресурстары үшін талас болашақ қақтығыстардың және соғыстардың басты себебі болады. Бүгінге дейін су ресурстарына иелік ету үшін туындаған шиеленістер де аз емес. Су ресурстары үшін қақтығыстарды бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады.

3-кесте. Қақтығыстардың түрлері және географиясы

№	Қақтығыстардың түрі	Қақтығыс географиясы
1.	Жалғасып жатқан	Үндістан-Пәкістан (Инд өзені), Мысыр-Судан-Эфиопия (Нил өзені), Түркия-Сирия-Ирак (Тигр-Эвфрат өзендері) және т.б. [11]
2.	Жаңадан туындаған	Қырғызстан-Тәжікстан (Ақ-Суу өзені) және т.б.
3.	Болашақ перспективада болу ықтималдығы бар	Орталық Азия мемлекеттері (Сырдария, Амудария өзендері)
4.	Шешімін тапқан қақтығыстар	Израиль-Иордания-Біріккен Араб Әмірліктері

Жалғасып жатқан қақтығыстарға көз жүгіртетін болсақ мұнда ұқсас тұстарына назар аударған жөн. Олар:

- Өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан мемлекет суды «саяси рычаг» ретінде қолдана отырып төменде орналасқан мемлекетке яки мемлекеттерге қысым жасау үшін қолданады.

- Суды қолдануда теңдіктің болмауы.
- Жасасқан келісім-шарттардың жиі бұзылуы.
- Әскери қақтығыстардың орын алуы.
- Су бірнеше мемлекетті басып өтетін жағдайда мемлекеттердің үшінші мемлекетке қарсы одақ құруы.

- Қақтығысты шешу үшін тәуелсіз үшінші тараптың тартылуы.

Мәселен, 1947 жылы Үндістан мен Пәкістан Ұлыбританиядан тәуелсіздігін алған кезден бастап екі мемлекет арасында Инд өзені үшін қақтығыстар

басталды. Орын алған қарулы қақтығыстар нәтижесінде Кашмир княздігінің үштен екісі Үндістанға, солтүстік-батыс бөлігі Пәкістанға өтті. Кашмир стратегиялық мағынада екі мемлекетке де өте маңызды аумақ. Кашмир Үндістан үшін геосаяси жағынан қытайлық Тибетті, сонымен қатар Ауғанстан арқылы Ресейге жол ашатын «Вакхал коридорын» бақылауға мүмкіндік береді. Пәкістан болса толығымен аграрлық мемлекет болғандықтан толығымен Инд өзенінен келетін суға тәуелді. Үндістан Инд өзені ағысының жоғарғы жағында орналасқандықтан өңірдің өзіндік гидро-гегемон мемлекетіне айналған. 1949 жылы Үндістан тіпті Рави мен Сатледж өзендерін бұғаттап, сонымен қатар Инд өзенінің арнасын басқа бағытқа бұрып жіберген. Нәтижесінде Пәкістан Үндістаннан суды сатып алуға мәжбүр болған. Халықаралық өзен суларына иелік ету құқығы бойынша орын алған дау 1960 жылы Инд сулары жөніндегі келісім шартқа қол қою арқылы шешілді. Бұл дауды реттестіруде, екі мемлекет арасында делдал болған Дүниежүзілік Банктің атқарған қызметін ерекше атап өткен жөн. Келісім бойынша Инд өзенінің бассейні батыс және шығыс өзендері болып бөлінген. Үндістанға Сатледж, Биас және Рави (шығыс өзендер) өзендерінің бастауы, Пәкістанға Чинаб, Джелам және Инд (батыс өзендер) өзендерінің бастауына иелік ету құқығы берілген. Екі мемлекет арасында қол қойылған келісім шартқа қарамастан Үндістан тарапы Инд өзені бойында Пәкістан тарапын ескертпестен су қоймалары мен су бөгеттерін тұрғызу арқылы жаңа қақтығыстардың орын алуына жол ашқан [12]. Нәтижесінде Пәкістан, арбитраж ретінде тәуелсіз сараптама жасап, шешім шығарту үшін халықаралық институттарға жүгінуіне мәжбүр болған. Сараптамаға көбіне Үндістанның жекелей жобалары ғана ілігіп отырған. Траншекаралық суларды қолдану барысында қарулы қақтығыстардың орын алғаны жиілеп кеткен. Жағдайды қол қойылған келісім шарттың екі жақты емес үш жақты (Дүниежүзілік Банк) болғаны құтқарып тұрған. 1960 жылы құрылған Инд өзеніне қатысты құрылған Тұрақты Комиссиясы қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге көмек беріп отырған.

Жаңадан туындаған қақтығыс. Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы қақтығыс Қырғыз-тәжік шекарасындағы Ақ-Суу өзеніндегі «Головной» су тарату қондырғысы үшін шыққан. «Головной» Қырғызстанға қарасты нысан, басты міндеті Ақ-Суу (тәжікше Исфара) өзенінің арнасын екіге бөлу болып табылады. Бір арнасы Тәжікстанға кетсе, екінші арнасы Қырғызстанның Төрткүл су қоймасын сумен қамтамасыз ету қызметін атқарады. «Головной» мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан стратегиялық маңызы жоғары нысан. Қырғызстан тарапы «Головнойды» бақылауда ұстай отырып, Төрткүл су қоймасының сумен толығына кепілдік жаратады, сонымен қатар қарсыла-сына қарсы «саяси рычаг» ретінде қолдануға мүмкіндік алады. Нысанға иелік ету Тәжікстан тарапына да мол мүмкіндіктер ашатын еді, себебі Қырғызстан территориясында бірнеше анклав бар, соның бірі Тәжікстанға қарасты Ворух анклав. Ворухқа бару үшін Тәжік азаматтары Қырғызстан территориясын кесіп өтуге мәжбүр. Сондықтан нысанға иелік ету екі тарапқа да тиімді [13].

Болашақ перспективада болу ықтималдығы бар қақтығыстар қатарына Орталық Азия мемлекеттерінің Амудария мен Сырдария өзендері үшін болады деп пайымдауға негіз бар. Себебі қазірдің өзінде өзеннің жоғарғы жағында орналасқан Қырғызстан мен Тәжікстан су электр станцияларын көптеп салуда, бұл жағдай төменде орналасқан Түркменістан, Өзбекстан мен Қазақстанда су егістік маусымдарында су тапшылығына алып келуде. Ең үлкен қасірет Арал теңізінің тартылып, әлемдік деңгейде экологиялық апатқа әкеп соғуда. Болашақ қақтығыстардың легі өзеннің төменгі жағындағы мемлекеттердің су қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда туындауы мүмкін. Өзбекстан мен Қазақстанға қазірдің өзінде ауыл шаруашылығында қолданатын судың жетіспеуі байқалады. Сондықтан аты аталған мемлекеттер суды үнемдеп пайдалану мақсатында тамшылатып суару технологиясын қолға алуда.

Шешімін тапқан қақтығыстар әлемде баршылық бірақ ең тың «case study» су мәселесін әр тарапқа тиімді болатындай етіп шешкен Израиль, Иордания және Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) арасында орын алды. 2021 жылдың қараша айында Израиль, Иордания және Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) Таяу Шығыс үшін ғана емес, бүкіл әлемге үлгі болатын маңызды келісім шартқа қол қойды. Келісім-шартқа сәйкес Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) Иорданияда жылдың 300 күні жұмыс істейтін күн электр станциясын салады. Зауытта 600 мегаватт күн энергиясы өндіріліп, Израильге жыл сайын 180 миллион долларға экспортталып отырады. Түскен қаражат БАӘ мен Иордания арасында бөлінеді. Бірақ одан да маңыздысы, Израиль оның орнына Иорданияға 200 миллион текше метр тұщытылған су жіберіп отырады. Жоба алдағы бес жылда іске қосылады деп күтілуде [14].

Қазақстан және су мәселесі. Қазақстан қазірдің өзінде су тапшылығын бастан кешіруде және 2040 жылға қарай оның қажеттілігінің 50%-ын құрайтын мөлшерде су тапшылығына тап болады деп болжануда. Экономиканың барлық салалары суға тәуелді болғандықтан, судың республика аймақтарындағы тапшылығына байланысты 2050 жылға қарай ЖІӨ 6% төмендеуі мүмкін. Мамандардың пікірінше, еліміздегі су ресурстарының тапшылығына табиғи жағдайлар (өзен ағынының 90%-ы көктемде келеді) және ағынның жартысына жуығы көршілес мемлекеттер аумағында қалыптасуы, сондай-ақ олардың экстенсивті пайдалану, суару үшін қайтарымсыз суды шамадан тыс тұтыну және суды жоғалтуы себеп болуда. Осылайша, Қазақстандағы суармалы судың өнімділігі шет елдермен салыстырғанда 6-8 есе төмен [15].

Қазақстанда су тұтынудың 65 пайызы ауыл шаруашылығына тиесілі. Елдің жер үсті суларының жартысына жуығы (44,9 км³) көршілес елдер – Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан территориясынан келеді [16]. Траншекаралық өзендерді пайдалану бойынша өзара іс-қимылдың негізгі мәселелері үкіметаралық келісімдер шеңберінде реттелгенмен өзеннің жоғарғы ағысында орналасқан мемлекеттер тарапынан жиі бұзылуда. Қазақстан өзінің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әлемде қолданылып жатқан су үнемдеудегі сәтті жобаларды дамытуы керек. Мысалы, Израиль су үнемдеу әрі тұзды суды тұщыту технологиясын әкелуі тиіс. Суды осындай тиімді жолмен пайдалану

және балама жолдармен ауыз су мәселесін шешу стратегиялық қадам болар еді. Себебі Қазақстан су мәселесі бойынша жоғарыда атап өткендей көршілеріне тәуелді мемлекет. Қазақстан үшін су қауіпсіздігі ең маңызды және шешімі кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болуы тиіс.

Қорытындылар

Қорыта айтқанда Қазақстан су ресурстарына көршілеріне тәуелді мемлекет. Ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан су стратегиялық маңызды нысан. Су қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстанға бірнеше «модель» үлгі бола алады. Біріншісі, көрші мемлекеттермен мәміле жасасқанда «арбитр» ретінде үшінші тараптың (мысалы Дүниежүзілік Банк) қатысуы. Екіншісі, Израильдің су тазарту технологиясын үйрену және дамыту. Үшіншісі, жоғарыда келтірілген Израиль–Иордания–Біріккен Араб Әмірліктері арасында жасалған тиімді әрі әр тарапқа табысты жобаны іске асыру. Су қауіпсіздігін қамтамасыз етуде көрші мемлекеттермен бірге әрекет ету. Мысалы, 2020 жылдың 1 мамырында Өзбекстанның Сардоба су қоймасының бұзылуы салдарынан Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан ауылдары су астында қалған. Мамандардың айтуынша су қоймасы сияқты нысандарды тұрғызбас бұрын, қауіпсіздігіне нұқсан келуі мүмкін мемлекеттерден келісім алынуы керек дейді. Өзбекстан тарапы Сардоба су қоймасын салғанда Қазақстаннан келісім алмаған [17]. Қазақстан су қауіпсіздігі мәселелерін шешкенде дипломатиялық жолды ұстануы қажет. Жоғарыда аталған мысалдардан байқайтынымыз су үшін болған даулардың яки қатығыстардың бәрі келісім жасасу арқылы шешілгенін түсінуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Dustin Evan Garrick, Jim Hall. Water Security and Society: Risks, Metrics, and Pathways // URL:https://www.researchgate.net/publication/275250133_Water_Security_and_Society_Risks_Metrics_and_Pathways (қаралған күні: 18.05.2022)
2. К 2050 году дефицит воды в РК увеличится в 3 раза // URL:<https://kapital.kz/gosudarstvo/106684/za-gody-nezavisimosti-pri-ispolnenii-služhebnogo-dolga-pogibli-815-politseyskikh.html> (қаралған күні: 18.05.2022)
3. Кундыз Адылбекова. Как Казахстан решает проблему дефицита питьевой воды в эпоху нефтяного лидерства в Центральной Азии? // URL:<https://cabar.asia/ru/kak-kazakhstan-reshaet-problemu-defitsita-pitevoj-vody-v-epohu-neftyannogo-liderstva-v-tsentralnoj-azii> (қаралған күні: 18.05.2022)
4. В.В. Кочетков, Е.В. Пак. «Водные войны»: дефицит водных ресурсов как причина и инструмент международных конфликтов // URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/vodnye-voyny-defitsit-vodnyh-resursov-kak-prichina-i-instrument-mezhdunarodnyh-konfliktov/viewer> (қаралған күні: 10.05.2022)
5. Водные ресурсы // URL:<https://news.un.org/ru/story/2021/10/1411262> (қаралған күні: 10.05.2022)
6. Макилова А. М. Водно-энергетическая безопасность Центральной Азии // Вестник Дипломатической академии МИД России. Россия и мир. 2019. № 1 (19). С. 79-88.
7. Кыргызстан объясняет прекращение подачи поливной воды в Казахстан ремонтом на водохранилище // URL:<https://kaztag.kz/ru/news/kyrgyzstan-obyasnyat-prekrashchenie-podachi-polivnoy-vody-v-kazakhstan-remontom-na-vodokhranilishche> (қаралған күні: 11.05.2022)
8. У Кыргызстана появился аргумент // URL:<https://kursiv.kz/news/2010-05/u-kyrgyzstana-poyavilsya-argument>. (қаралған күні: 11.05.2022)
9. Депутат посоветовал кабмину перекрыть воду Казахстану за экономическую блокаду // URL:https://kaktus.media/doc/458840_depytat_posovetoval_kabminy_perek_ryt_vody_kazahstany_zh_ekonomicheskuyu_blokady.html (қаралған күні: 11.05.2022)

-
-
10. Ормышева Толганай Алтынбековна. Вызовы экологической безопасности в Центральной Азии: противоречие между национальным и региональным подходами по вопросу трансграничных рек // URL:<https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/> (қаралған күні: 12.05.2022)
 11. Вода и вооруженные конфликты // URL:<http://www.cawater-info.net/bk/9-2-3-1.htm> (қаралған күні: 12.05.2022)
 12. Бояркина О.А. Водные конфликты в мировой политике: проблемы и перспективы: монография. – М.: РУСАЙНС, 2020. – 96 с. 1
 13. Таджикистан заявляет свои претензии на водные ресурсы Кыргызстана // URL:https://24.kg/proisshestvija/192014_tadjikistan_zayavlyayet_svoi_pretenzii_navadnyie_resursyi_kyrgyzstana/ (қаралған күні: 15.05.2022)
 14. Water-for-Energy Is Better Than Land-for-Peace // URL:<https://foreignpolicy.com/2021/12/16/water-for-energy-is-better-than-land-for-peace/> (қаралған күні: 16.05.2022)
 15. Как изменение климата влияет на водные ресурсы Казахстана // URL:<https://www.kz.undp.org/content/kazakhstan/ru/home/stories/2021/the-climate-change-impact-on-water-resources-in-kazakhstan.html> (қаралған күні: 18.05.2022)
 16. Правительство рассмотрело вопросы использования водных ресурсов // URL:<https://primeminister.kz/ru/news/pravitelstvo-rassmotrelo-voprosy-ispolzovaniya-vodnyh-resursov-22112056> (қаралған күні: 18.05.2022)
 17. Әлекке салған Сардоба суы // URL:<https://aikyn.kz/41480/aelekke-salghan-sardoba-swy/>

REFERENCES:

1. Dustin Evan Garrick, Jim Hall. Water Security and Society: Risks, Metrics, and Pathways // URL:https://www.researchgate.net/publication/275250133_Water_Security_and_Society_Risks_Metrics_and_Pathways (accessed: 18.05.2022)
2. К 2050 году deficit воды в РК увеличится в 3 раза. [By 2050, the water deficit in the Republic of Kazakhstan will increase by 3 times] URL:<https://kapital.kz/gosudarstvo/106684/zagody-nezavisimosti-pri-ispolnenii-služebnogo-dolga-pogibli-815-politseyskikh.html> (accessed: 18.05.2022)
3. Kundyz Adylbekova. Kak Kazakhstan reshaet problemu deficita pit'evoj vody v epohu neftyannogo liderstva v Central'noj Azii? [How does Kazakhstan solve the problem of drinking water shortage in the era of oil leadership in Central Asia?]. URL:<https://cabar.asia/ru/kak-kazakhstan-reshaet-problemu-deficita-pitevoj-vody-v-epohu-neftyannogo-liderstva-v-tsentralnoj-azii> (accessed: 18.05.2022)
4. V.V. Kochetkov, E.V. Pak. «Vodnye vojny»: deficit vodnyh resursov kak prichina i instrument mezhdunarodnyh konfliktov. ["Water Wars": Water Resources Deficit as a Cause and Instrument of International Conflicts] URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/vodnye-vojny-defisit-vodnyh-resursov-kak-prichina-i-instrument-mezhdunarodnyh-konfliktov/viewer> (accessed: 10.05.2022)
5. Vodnye resursy. [Water Resources] URL: <https://news.un.org/ru/story/2021/10/1411262> (accessed: 10.05.2022)
6. Makilova A. M. Vodno-energeticheskaya bezopasnost' Central'noj Azii [Water and energy security of Central Asia] // Vestnik Diplomaticheskoy akademii MID Rossii. Rossiya i mir. 2019. № 1 (19). S. 79-88.
7. Kyrgyzstan obyasnyaet prekrashchenie podachi polivnoj vody v Kazakhstan remontom na vodokhranilishche. [Kyrgyzstan explains the interruption of irrigation water supply to Kazakhstan by repairing the reservoir] URL:<https://kaztag.kz/ru/news/kyrgyzstan-obyasnyaet-prekrashchenie-podachi-polivnoy-vody-v-kazakhstan-remontom-na-vodokhranilishche> (accessed: 11.05.2022)
8. U Kyrgyzstana poyavilsya argument. [Kyrgyzstan has an argument] URL:<https://kursiv.kz/news/2010-05/u-kyrgyzstana-poyavilsya-argument> (accessed: 11.05.2022)
9. Deputat posovetoval kabminu perekryt' vodu Kazahstanu za ekonomicheskuyu blokadu. [The deputy advised the Cabinet of Ministers to turn off the water to Kazakhstan for the economic blockade] URL:https://kaktus.media/doc/458840_depytat_posovetoval_kabminy_perekryt_vody_kazahstany_za_ekonomicheskuyu_blokady.html (accessed: 11.05.2022)
10. Ormysheva Tolganaj Altynbekovna. Vyzovy ekologicheskoy bezopasnosti v Central'noj Azii: protivorechie mezhdunarodnyh i regional'nyh podhodami po voprosu transgranichnyh rek. [Environmental Security Challenges in Central Asia: Contradiction between National and Regional Approaches on the Issue of Transboundary Rivers] <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/> (accessed: 12.05.2022)

11. Voda i vooruzhennyye konflikty. [Water and armed conflicts] URL:<http://www.cawater-info.net/bk/9-2-3-1.htm> (accessed: 12.05.2022)
12. Boyarkina O.A. Vodnye konflikty v mirovoj politike: problemy i perspektivy: monografiya. [Water conflicts in world politics: problems and prospects: monograph] – M.: RUSAJNS, 2020. – 96 s. 1
13. Tadjikistan zayavlyayet svoi pretenzii na vodnye resursy Kirgyzstana. [Tajikistan declares its claims to the water resources of Kyrgyzstan] URL:https://24.kg/proisshestviya/192014_tadjikistan_zayavlyayet_svoi_pretenzii_navodnyie_resursyi_kyrgyzstana/ (accessed: 15.05.2022)
14. Water-for-Energy Is Better Than Land-for-Peace. URL:<https://foreignpolicy.com/2021/12/16/water-for-energy-is-better-than-land-for-peace/> (accessed: 16.05.2022)
15. Kak izmenenie klimata vliyaet na vodnye resursy Kazakhstana. [How climate change affects the water resources of Kazakhstan] URL:<https://www.kz.undp.org/content/kazakhstan/ru/home/stories/2021/the-climate-change-impact-on-water-resources-in-kazakhstan.html> (accessed: 18.05.2022)
16. Pravitel'stvo rassmotrelo voprosy ispol'zovaniya vodnyh resursov. [The government has considered the issues of using water resources] URL:<https://primeminister.kz/ru/news/pravitel'stvo-rassmotrelo-voprosy-ispolzovaniya-vodnyh-resursov-22112056> (accessed: 18.05.2022)
17. Alekke salgan Sardoba suy [Problems of the Sardoba reservoir] URL:<https://aikyn.kz/41480/aelekke-salghan-sardoba-swy/> (accessed: 18.05.2022)

Бауыржан Серікбаев

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті докторанты
(Астана, Қазақстан)
e-mail: sayasat.kz86@mail.ru*

ТҮРКИЯНЫҢ САЯСИ ПАРТИЯЛАРЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа. Елімізде партиялардың саяси институт ретінде қалыптасуы мен дамуы үшін өзге елдердің саяси партияларының даму жолына зерттеу жүргізген жөн. Бұл салыстырмалы талдау жүргізу арқылы Қазақстанда партиялардың саяси институт ретінде дамуына оң септігін тигізеді. Осы мақалада Түркия мемлекетіндегі саяси партиялардың даму тарихына зерттеу жүргізілді.

Түркия елі тілі, діні мен менталитеті бізге ұқсас түркі әлеміне кіретін мемлекет. Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығы аясында екі ел арасындағы қарым-қатынас та дамып келеді. Осы орайда жүз жылдық даму тарихы бар елдегі партиялардың саяси институт ретінде қалыптасуы, Мұстафа Кемаль Ататүрктің бастамасымен Европалық даму стандарттарына ұмтылған мемлекеттің саяси жүйесіндегі партиялардың ролін зерттеу қызықты тақырыптардың бірі болып қала бермек.

Түйін сөздер: Түркия, Қазақстан, партия, саясат, реформа.

Бауыржан Серікбаев

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПАРТИЙ ТУРЦИИ

Аннотация. Для становления и развития партий в стране как политического института целесообразно провести исследование пути развития политических партий других стран. Это будет способствовать развитию партий в Казахстане как политического института путем проведения сравнительного анализа. В этой статье было проведено исследование истории развития политических партий в турецком государстве.

Турция - страна, входящая в тюркский мир, язык, религия и менталитет которой схож с нами. В рамках сотрудничества тюркских государств развиваются отношения между двумя странами. В этой связи одной из интересных тем остается становление партий в стране со столетней историей развития как политического института, изучение роли партий в политической системе государства, стремящихся к Европейским стандартам развития по инициативе Мустафы Кемала Ататюрка.

Ключевые слова: Турция, Казахстан, партия, политика, реформа.

Abstract. For the formation and development of parties as political institutions in the country, it is necessary to conduct a study of the path of development of political parties in other countries. This will positively contribute to the development of parties as political institutions in Kazakhstan through comparative analysis. In this article, a study was conducted on the history of the development of political parties in the state of Turkey.

Turkey is a country that enters the Turkic world with a similar language, religion and mentality. Within the framework of cooperation between the Turkic states, relations between the two countries are also developing. In this regard, one of the interesting topics remains the formation of parties as political institutions in a country with a hundred-year history of development, the study of the role of parties in the political system of the state, which, on the initiative of Mustafa Kemal Ataturk, aspired to European standards of development since the establishment of the state.

Key words: *Turkey, Kazakhstan, party, politics, reform.*

Кіріспе

Қазіргі таңда әлем бойынша президенттік басқару формасына негізделген саяси жүйе құрған 50-ге жуық мемлекет бар. Сонымен бірге Президенттік-Парламенттік басқару тәсілін дұрыс көретіндер де аз емес. 2017 жылы Түркияда Конституциялық референдум жүзеге асып, мемлекет Парламенттік басқарудан Президенттік басқаруға өтті. Мемлекеттік басқару моделінің өзгеруі мен бұл процестің партиялар арасындағы бәсекеге қалай әсер еткендігі саяси зерттеуге қызықты тақырып. 2022 жылы Конституциялық реформа барысында Президент құзіреттерінің бір бөлігін Парламентке беріп, Мәжілістің ролін күшейтіп жатқан Қазақстан үшін де ғылыми сараптамалық тұрғыда өзекті мәселе.

Әлеуметтік дамудың перспективалары көбінесе бұқараның басым топтары саяси өмірге қаншалықты кең және әртүрлі енетініне байланысты. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, саясатқа қосылу процесі көппартиялық, азаматтық қоғамның түрлі институттары арқылы жүріп жатыр.

Заңды тәсілмен партияның ресми танылуын білдіретін, оған мемлекеттік қорғауды беретін маңызды мемлекеттік рәсім атқарушы органдарда тіркелу болып табылады. Ресми мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана партия сайлауға қатысу құқығын, салық жеңілдіктерін, мемлекеттік қаржыландыруды және өзге де заңды мүмкіндіктерді алады.

Белгілі бір мемлекет аясында жұмыс істейтін саяси партиялар, әдетте, партиялық жүйе құру үшін бір-бірімен өзара әрекеттесіп, байланысқа түседі. Партиялық жүйе – бұл саяси билікті жүзеге асыруға қатысатын партиялар арасындағы тұрақты байланыстар мен қатынастардың жиынтығы. Партиялық

жүйелер саяси билікті ұйымдастырудың партиялық емес формаларына қарсы. Бұл жағдайда саяси жүйе партиялардың жұмысын болдырмайды.

Партиялық емес жүйелер бүгінде шамамен 20 елде бар (мысалы, Катар, Кувейт, Ливия, Нигерия, Оман). Партиялардың болмау себептері: партиялардың пайда болуы үшін әлеуметтік алғышарттардың болмауы (Бутан); елдегі теократия, зайырлы саясаттың болмауы (Ватикан); партияларға тыйым салу (Гана, Иордания) және т.б. [1].

Әлемде саяси партиялардың түрлі даму модельдері бар. Бұл процесс әр елдің саяси жүйесіне, қоғамның саяси мәдениетіне, тарихы мен геосаяси орналасуына орай әртүрлі даму жолына бет бұрған. Біздің шарттарда Қазақстан үшін менталитеті, тілі мен діні ұқсас бауырлас ел болып табылатын Түркияның партиялық даму жолына тоқталып өткен тиімдірек болады.

1923 ж. Түркия мемлекеті құрылғаннан бастап 1946 жылға дейін Мұстафа Кемаль Ататүрк құрған «Cumhuriyet Halk Partisi» (бұдан әрмен СНР) партиясы парламенттік, президенттік сайлауларда жеңіске жетіп, мемлекеттік басқарудың барлық салаларында билікті өз қолында ұстады. Өзге саяси партиялар бар болса да сайлауда жеңіске жете алмады немесе сол кездегі Түркия саяси жүйесі көппартиялы бәсекеге дайын болмады. Сондықтан 1923-1946 жж. Түркия үшін бір партияның басымдығы болған кезең деп айта аламыз.

Түркияда көппартиялы саяси жүйенің келу алғышарттары 1946 жылғы сайлаудан бастау алады. Осы сайлауда ірі қалаларда «Демократиялық партия» жеңіске жетсе, аймақтарда «СНР» партиясы ірі жеңіске жетті. Стамбул сынды қалаларда сайлау қорытындысы үш күнге дейін жарияланбай сайлау процесі ел тарихында тұңғыш рет бәсекелі әрі даулы форматта өтті. Сол кездегі ресми қорытындыға сәйкес «СНР» партиясы 85,4% дауысты алса, «Демократиялық партия» 13,1% дауыс алған.

1946 жылғы сайлау процесінде ел тарихында тұңғыш рет екі саяси партия сайлауға қатысып, халық даусын алды. Бірақ билікте отырған «СНР» партиясының басым дауыспен жеңіске жеткен нәтижесі тіркелді. Бұл сайлау Түркияда көппартиялы жүйенің орнауына түрткі болып, елде саяси реформаға деген сұранысты арттырды.

Араға уақыт салып 1950, 1954, 1957 жылғы өткен сайлауларда саяси партиялар белсенділік танытып, Түркияда көппартиялы жүйенің іргетасы қалана бастады.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері

Мақалада тарихи салыстырмалы зерттеу әдіс-тәсілдері және Түркиядағы сайлау қорытындысы бойынша статистикалық мәліметтер қолданылды.

Жеке авторлық зерттеу элементім ретінде Түркиядағы сайлау барысымен танысу үшін жергілікті басылымдардағы сайлау қорытындыларын талдау, мамандар пікірін сараптау, партиялардың үгіт-насихат жұмыстарын бақылау, сайлауалды бағдарламаларын сараптау, партия лидерлерінің сайлаушылармен кездескенде көтерілген тақырыптар мен сұрақтарды зерттеу, кандидаттардың халық даусын алу үшін қолданған саяси технологиялары талдауға салынды.

Осы тақырыпта зерттеу жүргізген Түркиялық, Ресейлік мамандардың жазған ғылыми еңбектеріне сілтемелер келтірілді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Түркиядағы саяси партиялардың дамуын зерттеуші Светлана Васильева «Түркиядағы партиялық сабақтастық» атты еңбегінде «Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, жарияланған көппартиялық жүйеге көшу және бірнеше шағын партиялардың пайда болуына қарамастан, Түркияда ұзақ кезеңге 1970 жылдардың ортасына дейін созылған қос партиялық жүйенің болуы жалғасын тапты» деп көрсетеді [2].

Зерттеуші Матюхин Владимир Түркияда Әділет және даму партиясының билікке келуімен коалициялық үкіметтердің кезеңі аяқталды. 2002, 2007, 2011, 2015 жылдардағы Парламент сайлауының қорытындысы бойынша Әділет және даму партиясы жеткілікті орын алды (276-дан кем емес). Бір партиялы ұйым құрылып, осылайша, мемлекеттің жоғарғы атқарушы органы бір партия тарапынан толық бақыланды» деп сипаттайды [3].

Түркиядағы көппартиялық жүйенің орнауын зерттеуші мамандардың бірі Юсупов Касум саяси партиялардың пайда болуын өз еңбегінде былай сипаттайды «Кемалистердің алдында ұлт-азаттық күрестегі жеңістен кейін қоғамды жаңғырту, бұқараны мұның қажеттілігіне сендіру және оларға жетекшілік ету міндеті тұрды. Бұл міндетті шешуді жеңілдету үшін кемалистердің пікірінше, 1923 жылы саяси партия құру арқылы жүзеге асыру қажет болды. Осылай ең әуелі Халықтық, ал 1924 жылдан бастап Халықтық Республикалық партиясы құрылды» [4].

Суат Кыныкльоғлу Түркиядағы саяси партиялардың коалициялық үкімет құрған кезеңдерін салыстыра келе 1961 жылдан бері есептегенде 1999 жылғы сәуірден кейінгі коалициялық үкімет ең тұрақты және ішкі үйлесімді үкімет болды деп сипаттайды [5].

Негізгі бөлім

1950 жылдан бастап Түркияда көппартиялы жүйе жұмыс істей бастады. Бірақ мұның кері әсері де болды. Бір партияның сайлауда басым дауыспен жеңе алмауы мен үкіметтегі партиялар арасындағы өзара келіспеушіліктің салдарынан Түркияда 1960 жылы әскери төңкеріс орын алды. Түркияда араға он жыл салып 1960, 1971, 1980 жылдары болған үш әскери төңкерістердің нәтижесінде елдегі саяси билік әскерилер қолына өтіп отырды.

Әскер 1923 жылы мемлекетті құрушы Ататүрк салған кемализм бағытын қорғаушы позицияны ұстанады. Түркия саяси жүйесінде мемлекет құрылғалы әскердің орны әрқашан ерекше рольге ие болған. XX ғасырда әскерилер үш төңкерістен бөлек 1997 жылы исламшыл премьер-министр Немеддин Ербаканның биліктен кетуіне де ықпал етті. Әскер Түркияны Ататүрк салған батыстық әрі зайырлы даму жолында болуы тиіс деп есептейді және мұны Парламент, президент сайлауы сынды саяси процестер кезінде халыққа ашық айтып, билікке ескерту жасаудан тайынған емес.

Түркияда 1960-1980 жылдары өткен сайлауларда бірде бір саяси партия айқын басымдыққа ие бола алмады. Бұл демократиялық бағытта партиялар арасындағы саяси бәсекені күшейткенімен, билікте коалициялық үкімет пайда болып, елді саяси тұрақсыздыққа әкелді. Саяси аренада бәсеке шектен тыс артып халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлап, экономиканың өсуі баяулады. Биліктің бағдарламалары мен шешімдері жергілікті жерде тиісінше орындалмай мемлекеттік басқарудың эффективтілігі төмендеді. Саяси жүйедегі мұндай жиырма жылға созылған дағдарысты кезең Түркия саяси жүйесінің демократиядан көрі охлократиялық сипат алғандығын көрсетті. Саясаткерлер мен саяси партиялардың шектен тыс тартысы 1971-1980 жж. екі рет қатарынан орын алған әскери төңкеріске алып келді. Себебі, әскердің Түркия саяси жүйесінде кемализм құндылықтары мен мемлекетшіл позицияны ұстанатын, шамадан тыс саяси тартыс пен мемлекеттік мүддеге зиян келетін шарттарда билікті өз қолына алатын тарихи қалыптасқан дәстүрі бар.

Түркияның бұл тартысты саяси даму жолы демократия ең бірінші кезекте саяси мәдениет пен жауапкершілік екенін дәлелдей түседі. Өркениетті демократия принциптері ел санасында бірден орнай қоймайды әрі бұл процесс ұзақ уақытты алатын, саяси реформалар мен бәсекенің өркениетті форматына түсуі кезең-кезеңімен іске асатын процесс екенінің айқын дәлелі.

Қазіргі заманғы Түркиядағы партиялардың даму жолына келсек, 2020 жылы Түркияда 27 жаңа саяси партия тіркелсе, 2021 жылдың тоғыз айында 13 саяси партия тіркелген [6]. Жаңа партиялардың пайда болуы негізінен қазіргі бар «Әділет және даму партиясы» мен оппозициялық «СНР» партияларының бөлінуінен іске асуда. Мысалы, бұрынғы вице-премьер Али Бабажанның құрған «DEVA» партиясы мен бұрынғы премьер-министр Ахмет Давутоғлының құрған «Келешек» партиясы. Екінші топқа Мустафа Сарыгюльдің «Өзгеріс» партиясы мен Мухаррема Индженің «Отан» партиясы жатады.

Жалпы алғанда бүгінгі таңда түрік қоғамында жаңа саяси партияға деген сұраныс жоқ. Қазірдің өзінде Түркияда 116 саяси партия тіркелген.

1982 жылы қабылданған Түркия Конституциясына сәйкес Түркияда партиялар демократиялық саяси өмірдің ажырамас элементі болып табылады (Түркия Конституциясының 68/2 бабы) [7].

1-кесте. Түркияда 2002-2007 жылдары өткен сайлаудың нәтижелері [8]

Сайлау уақыты	Сайлауға қатысқан партиялар саны	Сайлау қорытындысы
2002	Adalet ve Kalkınma Partisi (Әділет және даму партиясы)	34,3%
	Cumhuriyet Halk Partisi (СНР партиясы)	19,4%
	Тәуелсіз	1%
2007	Adalet ve Kalkınma Partisi (Әділет және даму партиясы)	46,6%
	Cumhuriyet Halk Partisi (СНР партиясы)	20,9%

2002 жылғы сайлаудың нәтижесінде Түркияда билікке «Әділет және даму партиясы» келді. 2000 жылдардың басынан бастап бір партияның әр сайлауда дауыс санын арттырып, үкіметті жасақтауы, атқарушы және заң шығарушы билікте басым дауысқа ие болып, Түркия ішкі саясатындағы билікте отырған партияның монополиясы басталды. Саяси күрес негізінен «Әділет және даму партиясы» мен «СНР» партиясы арасында өтті.

**2-кесте. Түркияда 2011-2015 жылдары өткен сайлаудың нәтижелері
(№1 кестенің жалғасы)**

Сайлау уақыты	Сайлауға қатысқан партиялар саны	Сайлау қорытындысы
2011	Milliyetçi Hareket Partisi (Ұлтшыл қозғалыс партиясы)	14,3%
	Тәуелсіз	5,2%
	Adalet ve Kalkınma Partisi (Әділет және даму партиясы)	49,9%
	Cumhuriyet Halk Partisi (СНР партиясы)	25,9%
	Milliyetçi Hareket Partisi (Ұлтшыл қозғалыс партиясы)	13%
	Тәуелсіз	6,5%
2015 маусым	Adalet ve Kalkınma Partisi (Әділет және даму партиясы)	40,8%
	Cumhuriyet Halk Partisi (СНР партиясы)	24,9%
	Milliyetçi Hareket Partisi (Ұлтшыл қозғалыс партиясы)	15,2%
	Halkların Demokratik Partisi (Халықтардың демократиялық партиясы)	13,1%
2015 қараша	Adalet ve Kalkınma Partisi (Әділет және даму партиясы)	48,5%
	Cumhuriyet Halk Partisi (СНР партиясы)	25,3%
	Halkların Demokratik Partisi (Халықтардың демократиялық партиясы)	10,7%
	Milliyetçi Hareket Partisi (Ұлтшыл қозғалыс партиясы)	11,9%

